

ХАТТАМАСЫ

№ 1 педкеңес

31.08.2023 жыл

Ақсукеңт ауылы

Менгеруші м.у.а

-

Б.О.Арыстанбаева

Пед.кеңес хатшысы

-

А. Азимбаева

Қатысқандар:

Тәрбиешілер мен педагогтар - 27

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «2023 - 2024 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Мақсаты: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. 2023 - 2024 оқу жылының жұмыс жоспары және негізгі жылдық міндеттемелерін талқылау, бекіту.

- Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.
 - Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарда 2023 – 2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2022ж 14 қазан 422 бұйрық, дамыту моделі 2021ж 15 наурыз №137 қаулысымен таныстыру.
 - 2023- 2024 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстыру, бекіту.
 - Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
 - ҚРБҒМ 2020 жылғы 14 мамыр № 202 бұйрығына сәйкес, ҚРБҒМ 2021 жылғы 29 қаңтардағы №41 бұйрығына сәйкес, ҚРБҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген, аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары, жалпы ережелерімен және №514 бұйрық бойынша аттестаттаудан өту үшін жарамды байқаулар тізімімен таныстыру.
 - Топ балалар тізімдері.
 - Ағымдағы мәселелер.
- Пед.кеңестің шешімі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Р.И.Айтжанова сөз алып бөбекжай қызметкерлерін 2023-2024 жаңа оқу жылымен құттықтады. Денсаулық, қажымас қайрат, мол жетістік тіледі. Сонымен қатар жаздық сауықтыру шаралары да балалардың денсаулықтарын нығайтуға, өсіп жетілуіне бірден – бір септігі тиді деп ойлаймын. 2023-2024 оқу жылына барлық топтар жасақталып, заттық дамытушы бұрыштар ұйымдастырылып, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері жас ерекшелігіне қарай топталып бекітілді. Барлық топтар жаңа парта, стол, жатын кереуеттерімен жасақталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарда 2023 – 2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2022ж 14 қазан 422 бұйрық, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1,2,3-қосымша, дамыту моделі 2021ж 15 наурыз №137 қаулысымен және ҚРБҒМ 2020 жылғы 14 мамыр № 202 бұйрығына сәйкес, ҚРБҒМ 2021 жылғы 29 қаңтардағы №41 бұйрығына сәйкес, ҚРБҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген, аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары, жалпы ережелерімен және №514 бұйрық бойынша аттестаттаудан өту үшін жарамды байқаулар тізімімен таныстыра кетті.

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары
		Кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын
5	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын
6	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка ***	Күн сайын

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	Ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	Күн сайын	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын	Күн сайын
3	Қазақ тілі	Аптасына бір рет	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	Күн сайын	Күн сайын
4	Математика негіздері	Күн сайын	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	Аптасына бір рет	Аптасына екі рет
	Музыка ***	Күн сайын	Күн сайын

МДҰ мектепалды тобы

(5-жастағы балалар)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат

	Дене шынықтыру **	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	Күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	Күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	Күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	Күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ***	Күн сайын	
	Барлығы		20 сағат

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық кимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

2023-2024 оқу жылына педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі түзілді. Топ тізімдері, тәрбиеші құжаттары: перспектива, циклограмма, бала жеке даму картасы т.б құжаттары талқыланып бекітілді. Жас ерекшелігіне қарай топтарға күн тәртібі, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі таратылды. Басқа да ағымдық сұрақтарға жауап берілді.

Шешім:

1. Нормативтік құқықтық құжаттарды негізге ала отырып жұмыс атқарылсын.
2. Тәрбиешілер жас ерекшеліктеріне қарай топтарына бала қабылдап, бейімделу дағдыларына
3. аса назар аударсын.
4. Педагог қызметкерлер жыл бойына біліктілікті арттыру курсынан өтілін қадағалау әдіскер Б.О.Арыстанбаеваға жүктелсін.
4. Топ тізімдері, тәрбиеші құжаттары: перспектива, циклограмма, бала жеке даму картасы т.б құжаттар өз мерзімінде жүргізіліп отырсын.

Менгеруші

Хатшысы



Р.И.Айтжанова

Досполова С.

№ 2 кезектен тыс пед.кеңес ХАТТАМАСЫ

Ақсукеңт ауылы

23.10.2023 жыл

Меңгеруші: - Р.И.Айтжанова
Пед.кеңес хатшысы: - Досполова С.Д

Қатысқандар:

Тәрбиешілер мен педагогтар - 27

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Күншуак» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ағымдық жөндеу жұмысына жабылуы.
2. Ағымдағы мәселелер.
Пед.кеңестің шешімі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Р.И.Айтжанова сөз сөйледі. Өз сөзінде қараша айында бөбекжайда ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігі айтылды. Бөбекжайда ағымдық жөндеу жұмыстары барысында тәрбиешілер вацап желісі арқылы балалармен онлайн іс – әрекетін ұйымдастырып жұмыс атқаруын баса айтты. Топ құжаттары да бекітілген Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма т.б құжаттары жүргізіліп отыруын ескертті. Ата – аналармен де тығыз байланыста болып, балалардың денсаулығынан да хабар алып отыруын ескертті.

Әр бір топ тәрбиешілері топтарындағы заттарын (ойыншықтарын, құжаттарын, көрнекілік құралдарды, ыдыс – аяқтарды, төсек – жаймаларды т.б) жинастырып жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне ықпал жасалсын.

Шешім:

1. 01.11. 2024жылы бөбекжайда ағымдық жұмыстары жүргізілуіне байланысты тәрбиешілер вацап желісі арқылы ұйымдастырылған іс – әрекеті өз уақытында жүргізіліп, құжаттары жазылып отырсын. Тәрбиешілер балалармен, ата – аналармен тығыз байланыста болсын.

Меңгеруші

Хатшысы



Р.И.Айтжанова

Досполова С.

№ 3 педкеңес ХАТТАМАСЫ

12.01.2024 жыл

Ақсукеңт ауылы

Меңгеруші
Пед.кеңес хатшысы

- Р.И.Айтжанова
- Досполова С.

Қатысқандар:
Тәрбиешілер мен педагогтар - 27

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Мақсаты: 1. Денсаулықты сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайтатын, ағзаны шынықтыратын, негізгі қимыл түрлерін дамыту.

1. Әдіскердің I жарты жылдық есебі. Әдіскер Б.О.Арыстанбаева

2. Балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру.

3. «Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» (Баяндама) тәрбиеші Г.Ниязалиева

4. «Халық педагогикасы арқылы балаларды тәрбиелеу» (Баяндама) тәрбиеші Г.Турсуметова

5. Ағымдағы мәселелер.

Пед.кеңестің шешімі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Өткен пед кеңестің шешімі бойынша нормативтік құқықтық құжаттарды негізге ала отырып жұмыс атқарылуда. Тәрбиешілер жас ерекшеліктеріне қарай топтарына бала қабылдап, бейімделу дағдыларына аса назар аударып жұмыс жасалуда.

Тәрбиеші құжаттары: перспектива, циклограмма, бала жеке даму картасы т.б құжаттар өз мерзімінде жүргізіліп жатыр.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Б.О.Арыстанбаева I жарты жылдық есеп берді.

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК 2023-2024 оқу жылында бөбекжайда меңгеруші, әдіскер, қазақ тілі, саз жетекшілері пән мұғалімдері, тех қызметкерлер (асхана, ккір жуушылар), карауыл т.б қызметкерлер, 12 топ тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілерімен, «1- Қыркүйек Білім күні» мейрамымен оқу жылын бастады.

Қазан айында «Қазақшаң қалай балақай?» тақырыбында қазақ тілі мұғалімі Азимбаева Асмира Айдарбековна тәрбиеленушілермен ашық ұйымдастырылған іс- әрекетін өткізді. Қазан айының 15- ші жұлдызынан бастап бөбекжай ішілік «Қош келдің алтын күз» мерекелік іс – шарасы барлық топтарда ұйымдастырылды.

Жас бүлдіршіндерді бала жасынан бастап шығармашылық жұмысқа баулып, рухани жетілуіне әсер ету. Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыра отырып, әдептілікке тәрбиелеу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту, қамқорлық сезімге ояту мақсатында Сайрам ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Күз – мереке, күз – береке» шығармашылық байқауына МКҚК «Күншуақ» бөбекжай- бақшасынан «Ақ сұңқар» мектепалды даярлық тобынан Турсуметова Гулчехра Абдурахмановна жетекшілігімен Исламкулова Наима Юсановна қатысып жүлделі III орынға ие болды.

«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2023 жылы екі қабатты кереуеттермен, парта орындықтарымен, ойыншыққа арналған сөрелермен қамтамасыз етілді.

Осы жылдың қараша айында жылыту жүйесіне ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бірінші қабаттағы алты топқа жылы еден жұмыстары, он екі топқа ленолиум төселіп, бүкіл батареялары балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында қапталды. Қазандықтың бұзылған екі насосы алынды.

Желтоқсан айынан бөбекжайымыз қайта өз жұмысына қызу кірісті. Саз жетекшілері мен қазақ тілі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Менің Қазақстаным!» тақырыбында салтанатты жиыны өтілді.

Осы айдың 20-шы жұлдызынан он екі «Жаңа жыл мерекесі құтты болсын!» ертенгіліктері ұйымдастырылды.

2024 жылдың наурыз айында бөбекжайымыз атестаттаудан өтетіні белгілі болды. Бөбекжай қызметкерлерінің ұйымшылдығы мен біліктілігінің арқасында атестаттауды оңай еңсереміз деген ойдамын.

Сонымен қатар бөбекжайда:

Басқарушы менеджер -1

Педагог зерттеуші – 1

Педагог модератор – 6

Жоғарғы санатты – 2

I санат - 7

II санат – 6

Санатсыз – 10 педагог қызметкер жұмыс атқарады.

Педагог қызметкерлердің басым көпшілігі 2024 жылы тест тапсыруға құжаттары реттелуде.

Жыл бойы бөбекжай тәрбиешілері «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығына», «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығына білімін арттыру мақсатында оқуға жіберіліп отырды.

Бөбекжай қызметкерлері мен тәрбиешілері Сайрам ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен болып отырған басқа да байқаулар мен сайыстарға қатысып отырды. Алдағы уақытта да педагог қызметкерлеріміз кезекті санат біліктіліктерін алып, бүлдіршіндеріміз биік шыңдардан көрініп, бөбекжай жетістігі еселенеді деген үміттемін»- деп өз сөзін аяқтады.

2. Бөбекжай әдіскері балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру жайлы да тоқталып кетті.

Абай атамyzдың «Әннің де естісі бар,есері бар» дегендей, музыка – адамның жан серігі, қуанғанда бой сергітіп жігер қосар жайсаң жанр.Музыканың адам өміріндегі мәні ерекше. Музыкаға деген сүйіспеншілік, баланың музыкаға жетік болу қабілеттері туа бітпейді, ол өсу, даму процесінде қалыптасады. Музыка адамды шаттыққа бөлеп мұң зарын сейілткен. Музыканың әсер ықпалының күштілігі соншалық, ол адамдардың мінез - құлқымен салт-дәстүрінде өзгерте алады.

Ана әлдиін бойына сіңіріп өскен сәби тәй-тәй қадам басқаннан - ақ балабақша есігін ашады. Сол балаға музыкалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан-жақты жеке тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады. Әр бір баланың қабілетін ескере отырып жұмыс атқарамыз. Балабақшаға келген бүлдіршіндер ең алдымен ән ұран айтып үйренеді. Ән ұран айту барысын да балаға біз жан – жақты тәрбие береміз. Патриоттық сізім оятамыз, Отан сүйгіштікке, ұлтшылдыққа тәрбиелейміз. Сонымен қатар бала бойында музыкаға деген сезім қалыптасады. Ұйықтар алдында бесік жырын қойып берсек анасының әлдиін тыңдағандай ұйқыға емен еркін жатады. Бесік жыры дүниеге келгеннен тыңдап өскен ең ыстық әуен.

3. Келесі мәселе бойынша «Ақ көжек» ортаңғы жас тобының тәрбиешісі Г.Ниязалиева «Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында баяндама оқыды.

«Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» біз үшін өте маңызды өйткені бала біздің болашағымыз. Мектепке дейінгі кезең де баланың мінез құлқының негізі қаланып, шығармашылық қабілеті енді ояна бастайтын жауапты уақыт десек артық айтқандық емес. Дәл осы сәтте берілетін білім мен тәрбиенің заман талабына, әлеуметтік сұранысқа сай болуы өте маңызды. Сондықтан әдістемелік бірлестектің жоспары аясында тәрбиешілер жұмысы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулып, жан – жақты тұлға қалыптастыруды. Баланың бойындағы иненің жасуындай талабынәрі қарай ұштауды көздейді. Тәрбиешілер үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүріп, тәлімгерлік тәжірибелерін толықтыра түседі. Мектепке дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу, дамытуды одан әрі жетілдіру жолдары қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру заңдарында айқындалып берілген. Бұрынғы қалыптасқан концепциялар, оның өзгешелігі тек оқыту, білім, білік дағдыларын қалыптастыру ғана емес, бүкіл оқыту үрдісін жан – жақты ұйымдастыру мақсатын көздейтігінде және баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына бағытталады. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін – өзі тануға ұмтылуы, ізденуі, еңбек етуге құлшынысы.Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың

мазмұны мен түрлері сан алуан. Бұлардың нақты жағдайларға байланысты жүргізе білу әр бір тәрбиешінің жеке шығармашылық ісі. Тәрбиешінің жүргізлетін осындай жұмыстардың бірі баланың оқу, еңбек, ойын әрекетін тартымды, мазмұнды, қызықты етіп уымдастыру. Шығармашылық қабілетке баланың өз іс – әрекеттерінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар алуы жатады. Тәрбиеші баланың білім, білік деңгейлерін анықтап, олармен жеке дара жұмыстар мен айналысу керек. Жүйелі, дұрыс ұйымдастырылған шығармашылық әрекет түрлері нәтижесінде баланың білімі, біліктілігі кеңейіп шығармашылық ізденпаздығы қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балада ойынды шығармашылық пен ойлауы, оны ұйымдастыра білуі, шығармашылық іс – әрекет түрлерін тандап, оны жоспарлай білуі, ізденімпаздығын арттыру маңызды. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінде мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық белсенділігін оятып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына тәртіптілік пен жолдастыққа, адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді» -деп сөзін қорытындылады.

4. «Халық педагогикасы арқылы балаларды тәрбиелеу» тақырыбыда «Ақ сұңқар»

МАДтобының тәрбиеші Г.Турсуметова баяндамасын ортаға салды.

Халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ән-күй, би өнерімен балаларымызды балабақшада сусындатсақ артық болмас. Музыка сабағында ұлттық аспаптарымызбен кенінен таныстырып, тағылымы мол күйлерімізді бойларына сіңіре білсек, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудегі мақсатымыз шешілмек. Халық бала бойына әсемдік пен нәзіктік қасиетін егу үшін, ән мен жырға жасынан үйір болуға олардың назарын аударды, өйткені ән мен жыр арқылы көп нәрсені көкейіне тоқыған бала өсе келе өз көңіл – күйін өлең жырмен білдіруге ұмтылады.

Қазақ халқының даналығы, тәрбие қағидалары – тамырын терең жайған таусылмас терең қазына болып саналады. Бала тәрбиесіне ата-бабамыз көп көңіл бөліп, ерекше мән берген. Баланың өмірге келуі – бұл өмір заңдылықтарының бір елеулі сәті. Ендігі жерде осы қуаныштың дұрыс бағытта жалғасын табуы оның отбасы мен қоғамның үлесінде. Жас ұрпақ тәрбиесіне «Бала жас, өсе келе өзі бәрін біліп алады» деп жауапсыз қарау үлкен қателік. Сондықтан біз өскелең ұрпаққа саналы тәрбие сапалы білім беруіміз керек. Бала сәби кезінен бойына халқымыздың асыл қазынасын - ән, жырын, ертегілерін нақыл сөздерін сіңіріп өседі.

Балабақшада алынған тәрбие мен білім – барлық тәрбиенің іргетасы. Қазіргі таңда балабақшада, мектепке дейінгі басқада ұйымдарда тәрбиенің көптеген әдіс-тәсілдері жетерлік. Дегенмен, салт-дәстүрімізде орын алған тәрбие әдістері өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын құндылығы артуда. Әлі тілі шыға қоймаған, бірақ айналасындағы дүниені қабылдай алатын жас нәрестеге тілек пен ақылға толы бесік жырын айту салт-дәстүріміздегі тәрбиенің басы. Қазақ халқының ертегілері балаларды адамгершілікке, имандылыққа, еңбекқорлыққа, ерлікке баулиды. Баланың жас ерекшеліктеріне сай көптеген ұлттық ойындарымыз баланың физиологиялық өсуіне өте пайдалы болып табылады.

Тәрбиенің өзі ғибраты мол, қазақ қазақ болғалы салт-дәстүрімізбен беріліп келе жатқан ұлттық педагогика. Ұлттық педагогиканың бір әдісі ретінде – халық ауыз әдебиеті қаралады. Халық ауыз әдебиеті бұл қазіргі көркем әдебиеттің негізгі түбі. Халық ауыз әдебиеті қазақтың тарихымен қатар келе жатыр. Әр заманның, ғасырдың ерекшелігіне қарай халық ауыз әдебиет үлгілері де сол заманның ерекшелігін көрсетеді. Халық ауыз әдебиеті үлгілеріне жататын: балаларға арналған өлең – жырлар, санамақтар, ертегілер, жаңылтпаштар, мақал мәтелдер, халық ойындары бәрі де балаларды Отанын сүйуге, ерлікке, елін қорғауға және имандылыққа, әдептілікке үндейді. Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлық жырлар, өмір тәжірибесінен қорытындылаған мақал-мәтелдер, өзіне ойындары бәрі де балаларды. Отанын сүйуге, ерлікке, елін қорғауға және имандылыққа, әдептілікке үндейді. Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлық жырлар, өмір тәжірибесінен қорытындылаған мақал-мәтелдер, өзіне сыр жасырған жұмбақтар, бәріде балалар бақшасында кең қолданыс табады.

Қай заманда, қандай қоғамда болсын алдымызда тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпақ тәрбиелеу. Жан – жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт – дәстүрі, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. •

Шешім:

1. Ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып, балаларды шығармашылыққа тәрбиелеу.Топтарда ұлттық нақышта пайдаланатын заттар: көрпеше, жастық, ұйыктату барысында бесік жырын т.б балаларды жақсылыққа тәрбиелейтін жұмыстар тоқтаусыз жүргізіліп отырсын.

Менгеруші

Хатшысы



Р.И. Айтжанова
Р.И.Айтжанова

Досполова С.
Досполова С.